




Аудан Тынысы

2010 ЖЫЛДЫҢ 1 ҚАҢТАРЫНАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

№ 50 (559) СЕЙСЕНБІ, 16 маусым 2015 жыл

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫНЫҢ ТӨРАҒАЛЫҒЫМЕН ҚАУІПСІЗДІК КЕҢЕСІНІҢ ОТЫРЫСЫ ӨТТІ

Отырыс барысында экологиялық қауіпсіздік мәселелері, қоршаған ортаны қорғау саласындағы қабылданып жатқан шаралар талқыланды.

Нұрсұлтан Назарбаев Ақмола облысындағы Қалачи және Батыс Қазақстан облысындағы Березовка ауылдары тұрғындарының денсаулығын қорғауға қатысты мәселелерді тездетіп реттеу қажеттігін айтты. Осыған байланысты халықтың өздері тұратын өңірдегі экологиялық ахуал туралы ақпаратқа еркін қолы жетуін қамтамасыз етудің маңыздылығы атап өтілді.

– Қалачи ауылындағы құбылыстың себебі неден екенін әлі ешкім дұрыстап түсіндірген жоқ. Құзырлы органдар жағдайды анықтай алмаса, қажетті сарапшылары жоқ болса, онда шетелдіктерді шақырып, бұл істі соларға тапсыруы керек еді, – деді Мемлекет басшысы.

Қазақстан Президенті экологиялық қатерлерді болжап, алдын алудың тиімді тетіктерін жасау техногенді және табиғи сипаттағы төтенше жағдайлардан болатын шығынды мейлінше азайтуға мүмкіндік беретініне назар аударды.

Мемлекет басшысы Үкімет мен жергілікті атқарушы органдар Қазақстанды орнықты дамыту жөніндегі міндеттерді орындаумен қатар жануарлар мен өсімдік әлемінің биоалуандығын сақтауды қамтамасыз етуге, соның ішінде бірқатар облыстардағы киіктің жаппай қырылуының басты себептерін анықтауға міндетті екенін айтты.

– Әрқилы болжамдар мен қарама-қайшы пікірлер айтылуда. Ол дегенің бұл бағытта мүлде жөнсіздік орын алып отырғанын, тиісті мамандардың жоқтығын, осындай жағдайға әкеп соқтырған жайттарды анықтай алмағандықты білдіреді, – деді Елбасы...

Энергетика министрі В.Школьник өз баяндамасында экологиялық ахуалға, мемлекеттік органдардың осы саладағы, соның ішінде Қазақстанның «жасыл экономикаға» өту жөніндегі тұжырымдамасы аясындағы қызметіне шолу жасады.

Талқылау қорытындысы бойынша Қазақстан Президенті Үкіметке бірқатар нақты тапсырма беріп, олардың орындалуын бақылауды Қауіпсіздік кеңесінің Хатшылығына жүктеді.

БАҚ беттерінде

V шақырылған Бородулиха аудандық мәслихатының депутаттары мен аудан тұрғындарының НАЗАРЫНА!

V шақырылған Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха аудандық мәслихатының кезекті XXXIII сессиясы 2015 жылдың 26 маусымында сағат 10:00-де аудандық әкімдіктің (Тәуелсіздік к., 69) кіші мәжіліс залында өтеді.

Сессияның ұсынылатын күн тәртібі:

1. Бородулиха ауданында 2011–2020 жылдарға арналған «Ақ Бұлақ» бағдарламасының орындалу барысы туралы. Баяндамашы: Иван Иванович Лаукарт – Бородулиха ауданының әулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімінің басшысы.

2. Шығыс Қазақстан облысының Бородулиха ауданындағы 2013–2015 жылдарға арналған жер ресурстарын қорғау, топырақ құнарлығын арттыру бойынша жерді ұтымды пайдалану бағдарламасының орындалу барысы туралы. Баяндамашы: Зауре Сағидоллақызы Қожахметова – Бородулиха ауданының жер қатынастары бөлімінің басшысы.

3. Ауданның автомобиль жолдарының техникалық жағдайы, күтіп-ұстауы және жөндеуі туралы. Баяндамашы: Руслан Марватжанович Абдрахманов – Бородулиха ауданының ТҮКШ, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы.

4. Өнеркәсіп, құрылыс, кәсіп, байланыс, кәсіпкерлік, заңдылық және құқықтық мәселелері бойынша тұрақты комиссиясының жұмысы туралы есеп. Баяндамашы: Орал Жарысбайұлы Мұсабеков – депутат, тұрақты комиссияның мүшесі.

5. Әртүрлі.

У. МАЙЖАНОВ,
аудандық мәслихат хатшысы

Мерейлі мерейтой иесі

ЕЛІНЕ СЫЙЛЫ АРДАҚТЫ АЗАМАТ ЖАЙЛЫ ҮЗІК СЫР

«Еңбекпен ер есейер» демекші, алғашқы еңбек жолын, жалынды жастық шағын қарапайым еңбек жолымен бастап, жоғарғы педагогикалық оқу орнын бітіргеннен кейін, білім саласында қызмет атқарып, ұйымдастырушылық қасиетімен көзге түсіп, өмір жолында 40 жылдай мемлекеттік басшы қызметтерде қажырлы қызмет еткен ардақты да, айтулы, елге танымал азамат Болат Сапорулы жайында әңгіме етпекпіз. Болат Сапорулы Сапоров 1940 жылы 17 маусымда Семей облысы, Ақсуат ауданында дүниеге келген. Балалық балғын шағы осы өңірде өтіп, мектепті тамамдаған соң, Абай атындағы Қазақ Мемлекеттік педагогикалық институтын бітірген. Еңбек жолын 1957 жылы Семей облысы Ақсуат ауданындағы «Комсомол» колхозында механизаторлықтан бастаған. Артынан сол ауданда пионер жетекшісі, мектепте мұғалім, мектеп инспекторы болып қызмет атқарды. 1969 жылы ол партия жұмысына тартылды, аудандық компартияның инструкторы, парткомның хатшысы, обкомның инструкторы, Шұбартау аудандық парткомының екінші хатшысы болды. Болаттай берік «атына заты сай» ардақты азамат, өзінің білімі мен жұмыс тәсілін, тәжірибесін жоғары деңгейге жетілдіріп жаңа шаруашылық жағдай мәселелерін іскерлікпен шеше білді. Қасиетті Семей өңірінің ауыл шаруашылығын өркендету барысындағы қажырлы қызметі мен жүрген ортасына

ха ауданының ең алғашқы әкімі, білгір басшысы ретінде көзге түсті. Оның басшылық қызметтегі мол тәжірибесі қиын кезеңдегі әлеуметтік-экономикалық жағдайларда ауданның экономикалық болашағын болжамдауға және ол жұмыстарды ұйымдастырып жүзеге асыруға зор үлесін қосты. Болат Сапорулының басшылығымен Бородулиха ауданы Шығыс Қазақстан облысы аудан әкімдерінің жұмыстарын рейтингтік баға беру қорытындысы бойынша бірнеше рет бірінші орындарға ие болды. Көпжылдық сіңірген еңбегі үшін және аграрлық өнеркәсіп кешенінің дамуына үлкен үлес қосқаны үшін Болат Сапорулы «Құрмет» орденімен марапатталды.

1980 жылдан 1992 жылға дейін Болат Сапорулы Бородулиха ауданының атқарушы органын басқарды. 1992 жылы Ақсуат ауданы әкімшілігінің басшысы, ал 1994 жылы Бородулиха ауданының әкімі болып тағайындалды. Қызмет барысы кезінде өзін саяси сауатты және аса білімдар басшы ретінде көрсете білді. Ол 1994 жылдан 2002 жылға дейін аудан әкімі, 2002 жылдан бастап мәслихат хатшысы болып қызмет атқарды.

Болат Сапоров басқарған аудан бірнеше мәрте облыс аудандары арасында жетекші орынды еншілеп, БХШЖ көрмесінің наградаларын, талай рет ауыспалы Ту мен құрмет Дипломдарын иеленді.

Болат Сапорулы «Құрмет» Орденімен, сондай-ақ, «Алтын барыс», «Еңбек ардагері»,

«Астана», «Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігіне 10 жыл», «Қазақстан Республикасы Конституциясына 10 жыл», «Қазақстан Республикасы Парламентіне 10 жыл», «Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігіне 20 жыл» медальдарымен, «Тыңға – 50 жыл», «Шығыс Қазақстан облысына 80 жыл» мерекелік медальдарымен марапатталып, «Қазақстан Республикасының білім беру ісінің Үздігі» атағымен Елбасының алғыс хатымен марапатталды.

Болат Сапорулы қазір құрметті зейнеткерлікте. Шығыс Қазақстан облысы, Бородулиха, Тарбағатай аудандарының Құрметті азаматы болып табылады.

Ол кісінің парасаттылығы мен кәсіби шеберлігі, қоғамдық қатынастардың ауыспалы кезеңінде қиынды қиыстырып көптің мүддесін өтеу жолында айқын көрініп тұрды. Қоғам құбылысын байсалды сараптап, тәуелсіз Қазақстанның жас азаматтарының өмір талабына сай

тәрбиелеп талай жастарды биікке жеткізген азамат. Аудандардағы көп салалалы өндіріс басшылары мен жергілікті атқарушы билік органдарының ынтымағын нығайтып мемлекеттік қызметті жетілдіруге қайтарымды үлес қоса білді. Болат Сапорулы барлық ақыл ойы мен күш қуатын және ұйымдастырушылық қабілетін ел жұртының несібесін молайтуға жұмсады. Кәзіргі таңда жұбайы Мәрзиямен немере, шөбере сүйіп, өнегелі отбасының қызығын көріп отыр.

М. АТАЕВА



«ӨЗІҢНЕН БАСТА» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АКЦИЯСЫ

Уәлихан Төкенұлы Майжанов – депутат, Бородулиха аудандық мәслихатының хатшысы. Мен, «Нұр Отан» партиясының мүшесі ретінде өзімнің жеке табысымды ашық түрде жария етемін. 2014 жылғы еңбекақым - 2 067 331 теңгені, жалпы зейнетақы жинақтау қорым – 1 346 532,45 теңгені құрады, сонымен бірге жеке меншігімде үй және үй жанындағы жер телімі бар.

Урашева Сауле Тұрсынқызы – «Нұр Отан» партиясы Бородулиха аудандық филиалының бірінші орынбасары. «Нұр Отан» партиясының мүшесі ретінде өз табыстарымды ашық түрде жариялаймын. 2014 жылға еңбекақым - 693 887 теңге, зейнетақы аударымым – 68 295 теңгені құрайды. Жеке меншігімде Бородулиха ауылы, Абай көшесі, 9 мекен-жайында орналасқан тұрғын үйім бар.

ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕС

Дін істері басқармасымен жасалған Меморандум аясында ШҚО Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметінің қызметкерлері Семей өңірінің имамдарына Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын түсіндіру бойынша кездесу өткізді.

Өз сөзінде Семей өңірі бойынша Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметінің қызметкері Алтай Шакеев Департаменттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы жүргізіп отырған жұмысы, оған жол бермеу мақсатында жүргізіліп жатқан мемлекеттік саясат және азаматтардың осындай фактілермен кездескен жағдайдағы құқықтары мен міндеттері түсіндіре отырып, діни қызметкерлерді мешіт жамағаты ара-

сында түсіндіру жұмыстарына белсенді қатысуға шақырды.

«Өздерінің білесіздер, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресетін 15 хадис бар. Ислам діні әрқашан сыбайлас жемқорлыққа қарсы болған. Күресті жеке және ұжымдық жауапкершілік ете отырып, биліктің кез келген теріс пайдалануын әшкерелеп, тоқтату үшін жасаған. Осыларды мешітке келушілерге жеткізуге шақырамын» - деп аяқтады сөзін А.Шакеев

ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігінің ШҚО бойынша Департаментінің баспасөз қызметі

СТЕПНОЙ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНДЕГІ ЖИЫН

2015 жылдың 9 маусымында «ШҚО Бородулиха ауданының ветеринария бөлімі» ММ басшысы Степной ауылдық округінде жиын өткізді.

Е.Шакевов жиында идентификацияға қатысты, ауылшаруашылығы малдарына ветеринарлық егулер жасауды уақытында жүргізуді, жеке меншік малдарының малшылары мен ауылдық округтің қоғамдық Кеңесінің келісімшарт жасасуы туралы толығырақ түсіндіріп өтті. ІҚМ мен ҰҚМ бруцеллезбен ауырғанда алдын-алу жұмыстары туралы, ауылшаруашылығы малдары бруцеллезбен ауырған жағдайда оларды сою және өткізу тәртібі туралы. Сол сияқты ауылшаруашылығы малдарын мал сою алаңдарында сою және оларды Семей қаласының базарына өткізу тәртібі туралы және т.б., сүт өнімдерін өткізгенде де барлық ветеринарлық құжаттар болуы қажет екендігін атап өтті. Содан кейін Бородулиха АІБ полиция майоры Рахат Сейтказинов Уисенов сөйледі. Ол барлық мал ұстайтын азаматтарға малды табынға қосудың жауапкершілігін түсіндіріп өтті. Малды әдейі бөлінген жерде қарауға алып бағу керектігін айтты. Малды міндетті түрде таңертен табынға тапсырып, кешке табыннан күтіп алу керек. Егер малдың иесі малды таңертең табынға қоспаса, кешке күтіп алмаса, онда бақташы ол малға жауап бермейді. ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық жөніндегі Кодексінің 147 бабы 1 тармағына сәйкес егістерді бұзғаны үшін немесе егісте




жиналған ауыл шаруашылығы дәнді дақылдарының өнімдерін жойса, отырғызылған өнімдерге зақым келтірсе, оған бақшалар жатады, шаруа, жеке қосалқы шаруашылықтардың малдары немесе құстары - жеке тұлғаларға айыппұл 20 АЕК (39640 теңге) салынады, 147 баптың 2 тармағына сәйкес осы әрекет қайталанатын болса жеке тұлғаларға айыппұл 40 АЕК.

Қорытындысында Степной ауылдық округінің әкімі сөйледі, ол барлық келгендерге алғысын білдіріп, мықты денсаулық тіледі.

Степной ауылдық округі

ЖЕҢІСПЕН ОРАЛДЫ



Т.ҚАЛИБАЕВ

Ағымдағы жылдың 12-14 маусымы аралығында Степногорск қаласында Дзюдо күресінен 2000-2001 жылы туылған жасөспірімдер арасында Қазақстан Республикасының чемпионаты болып өтті. Сол чемпионатқа жерлесіміз Мұсылманбек Қажымұқановтың шәкірті Дидар Көпжасар қатысып қайтты. Осы жарыста 73 келі салмақта өнер көрсеткен жерлесіміз Д.Көпжасар 3 орынға таласта Жамбылдық балуан Р.Бекпенбетовпен күресіп өзінің басым екенін көрсетіп жеңіп шықты. Баурымызға айтатынымыз алдағы жарыстарда тек қана жүлделі орындарда көріне берсін дегіміз келеді.

Құрметті Бородулиха ауданының тұрғындары!

Жер телімдеріне, мүлікке, сондай-ақ көлікке салық төлеу мерзімі жақындады. Егер Сіздің атыңызда ҚР аумағында:

- Тұрғын-үй, саябақ құрылыстары, гараж және басқа да құрылыстар тіркелген болса, онда сізге мүлктік салық (БСК - 104102) төлеу қажет;
- жер телімі, жер салығына сәйкес салынады (БСК - 104302);
- көлік, көлікке салық (БСК-104402) төлеу қажет.

Мүмкіндігінше салықты ағымдағы жылдың 1 шілдесіне дейін төлеуді сұраймыз. Бородулиха ауданы әкімінің аппараты

Түзету. Аудандық «Аудан тынысы» газетінің 12 шілдесіндегі № 49 санында жарияланған «Өзіңнен баста» республикалық акциясына түзету енгізілді. Жетінші азат жол: «Дюсенғали Айтқалиұлы Асаубаев – Белағаш ауылдық округінің әкімі. 2014 жылы еңбекақым 1 331 851 теңгені құрады. Новопокровка ауылында 0,34 соттық жер телімімен тұрғын үйім бар. Семей қаласында 2 бөлмелі пәтердің ½ бөлігі және 2012 жылы шыққан Нива Шевролет автокөлігім бар» деп оқылсын.

Депутаттық іс

ТҰРАҚТЫ КОМИССИЯ ОТЫРЫСЫНДА



2015 жылдың 10 маусымында аудандық мәслихаттың депутаттық өкілеттілік және этика, білім беру, денсаулық сақтау, жастар ісі, әлеуметтік-мәдени даму, бюджет және бюджеттік жоспарлау мәселелері бойынша және өнеркәсіп, құрылыс, көлік, байланыс, кәсіпкерлік, заңдылық және құқықтық мәселелер бойынша тұрақты комиссиялардың отырысы болып өтті.

Тұрақты комиссияның отырысында

Бородулиха ауданында 2010-2020 жылдарға «Балапан» мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеуді қамтамасыз ету бағдарламасын жүзеге асыру туралы, ауданның елді мекендерін көгалдандыру және абаттандыру, санитарлық тазалық жүргізу бойынша комиссия жұмысы туралы және сыбайлас жемқорлықпен күрес және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша тапсырмалар жөнінде ауданның мемлекеттік органдарының жұмысы туралы мәселелер қаралды.

Отырыс жұмысына Бородулиха аудандық мәслихатының хатшысы У. Майжанов, депутат, тұрақты комиссияның төрағалары К. Әпеннов пен В. Ежова, аудандық мәслихаттың депутаттары, тұрақты комиссия мүшелері Д. Сәлімова, Г. Бақтыбаева, О. Мұсабеков, Ю. Ковязин, Бородулиха ауданының білім бөлімінің басшысы Н. Көкшебаева, Бородулиха ауданының ТҮКШ, жолаушылар көлігі және автокөлік жолдары бөлімінің басшысы Р. Абдрахманов, аудан әкімі аппаратының заң бөлімінің басшысы А. Кубаева қатысты.

Күн тәртібінің бірінші мәселесі «Бородулиха ауданында 2010-2020 жылдарға «Балапан» мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеуді қамтамасыз ету бағдарламасын жүзеге асыру туралы» бойынша Бородулиха ауданының білім бөлімінің басшысы Н. Көкшебаеваның ақпараты тыңдалды.

«Бородулиха ауданының білім бөлімінің басшысы Н. Көкшебаеваның ақпаратын тыңдай отырып, депутаттық өкілеттілік және этика, білім беру, денсаулық сақтау, жастар ісі, әлеуметтік-мәдени даму, бюджет және бюджеттік жоспарлау мәселелері бойынша аудандық мәслихаттың тұрақты комиссиясы ауданда осы Бағдарламаны жүзеге асыру үшін үлкен жұмыстар жасалғандығын атап өтті.

Мектепке дейінгі білім беру объектілерін енгізудің адымдық жоспарына сәйкес, бағдарламаның іске асырылуы ауданда 2010 жылдан басталды. Ауданда «Балапан» бағдарламасын іске асыру 3 балабақшаны және күндізгі толық келетін 13 шағын-орталықты мектепке дейінгі тәрбиемен қамтуға мүмкіндік берді.

«Балапан» бағдарламасын одан әрі іске асыру жыл сайын шағын-орталықтар ашумен жалғастырылуда. Ағымдағы жылы «Новопокровка орта мектебі» КММ 25 орындық шағын-орталық ашу жоспарлануда. Ауданның елді мекендерін көгалдандыру және абаттандыру, санитарлық тазалық жүргізу бойынша комиссия жұмысы туралы ақпарат бойынша Бородулиха ауданының ТҮКШ, жолаушылар көлігі және автокөлік жолдары бөлімінің басшысы Р. Абдрахманов баяндама жасады.

Р. Абдрахманов өзінің баяндамасында 2015 жылдың 18 сәуірі мен 25 мамыры аралығында аудандағы елді мекендерді тазарту жұмыстары жүргізілгендігін, апта сайын аудан бойынша сенбіліктер жүргізіліп отыратындығын атап өтті.

Екіайлықты жүргізу барысында 228 шақырымды құрайтын көшелер мен жолдар, 44 га саябақтар, алаңдар, 56 оқу ғимаратының аумағы, бала бақшалар, денсаулық сақтау және мәдениет мекемелері тазаланды және 86 шаршы кубты құрайтын қоқыс алаңдары жойылды. Жеңіс мемориалы мен 30 шақты ескерткіштер жөнделіп, тазаланды. Бородулиха ауылында 29 жол ережелерінің белгілері құрылды, әлі де осы жұмыс жалғасуда.

Сыбайлас жемқорлықпен күрес және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша тапсырмалар жөнінде ауданның мемлекеттік органдарының жұмысы туралы аудан әкімі аппаратының заң бөлімінің басшысы А. Кубаева баяндама жасады.

Өнеркәсіп, құрылыс, көлік, байланыс, кәсіпкерлік, заңдылық және құқықтық мәселелер бойынша тұрақты комиссия мүшелері аудан әкімі аппаратының заң бөлімінің басшысы А. Кубаеваның баяндамасын тыңдай отырып, жоспарланған іс-шараны орындауда қажетті жұмыстар атқарылып жатқандығын атап өтті.

Бородулиха ауданының әкімімен сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға бағытталған 2015 жылға арналған кешенді әлеуметтік - мәдени іс-шаралар жоспары қабылданып, бекітілген. Аталған іс-шаралар жоспарына сәйкес ауданның мемлекеттік мекемелері және ұйымдарымен тиісті іс - шаралар өткізіледі. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың негізгі бағыттарын анықтау мақсатында Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 26 желтоқсанда № 986 «Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы туралы» Жарлығы шықты, онда сыбайлас жемқорлыққа қарсы барлық мақсаттар мен міндеттер көрсетілген.

Отырыс соңында қаралған мәселелер бойынша қажетті ұсыныстар берілген қаулылар қабылданды.

Қабылданған қаулылардың орындалуына бақылау жасау аудандық мәслихаттың тұрақты комиссияларына жүктелді.

Аудандық мәслихат аппараты

Жұрт назарына



18 маусым күні сағат 10-00-де аудандық Нұр Отан партиясының ғимаратында Бородулиха аудандық ІІБ бастығы

СИНЯЗОВ ҚАНАТ ТӨЛЕУХАНҰЛЫ

аудан жұртшылығын жеке сұрақтарымен бақылаудайды.

Келем деушілерге есік ашық!

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АУМАҒЫНДА ЭЛЕКТРОШОК ҚАРУЫН ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІНІҢ ҮНДЕУІ

Интернет желісінің жарнамасын талдау Қазақстан Республикасының заңды және жеке тұлғаларының, оның ішінде резидент еместердің де пішіні фонарларға, өртегіштерге, ұялы телефондарға және т.б. заттарға ұқсайтын электршок қаруды еркін сатуы (өткізуі) бөлігінде «Жекелеген қару түрлерінің айналымына мемлекеттік бақылау жасау туралы» (бұдан әрі – Заң) Қазақстан Республикасының Заңын бұзғандықтарын көрсетіп отыр. Заңға сәйкес, электршок қаруы азаматтық және қызметтік қару санатына жатады және тек қана ішкі істер органдарының рұқсаты бойынша Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарында тіркей отырып, қару сататын мамандандырылған дүкендер арқылы сатылуы және сатып алынуы тиіс.

Қаруды (олардың негізгі (құрамдас) бөліктерін) және олардың патрондарын почта жөнелтілімдерімен, оның ішінде халықаралық почта жөнелтілімдері арқылы жөнелтуге тыйым салынады.

Азаматтық және қызметтік қаруды Қазақстан Республикасының аумағына әкелу және әкету экспорттауға, импорттауға берілген лицензияның, сондай-ақ қорытындының (рұқсат беретін құжаттың) негізінде жүзеге асырылады. Қорытынды берілгені үшін Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес мемлекеттік баж алынады.

«Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V ҚРЗ Қазақстан Республикасы Кодексінің 482-бабы бірінші бөлігінде Ішкі істер органдарында тіркелмеген қаруды, оқ-дәрілерді заңсыз сатып алу, беру, өткізу, сақтау, тасымалдау немесе алып жүру қаруды тәркілей отырып айлық есептік көрсеткіштің 20-дан 40-қа дейінгі мөлшерінде әкімшілік жауапкершілікке тартуға әкеліп соғады.

Азаматтық қаруларды өз еркімен тапсырған адам, егер оның әрекеттерінде өзге де құқық бұзушылық құрамы болмаса, әкімшілік жауаптылықтан босатылады.

Айтылғандарға байланысты, Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі жеке және заңды тұлғаларға Заң талаптарының сақталуы туралы, электршок қаруын заңсыз сатып алу, сақтау, алып жүру, өткізу, жөнелту фактілері туралы «102» телефонына хабарлауын өтінеді.

Барлық қызықтыратын мәселелер бойынша аумақтық ішкі істер органдарына жүгінулеріңізді сұраймыз.

К.МУКИТОВ, Бородулиха АІІБ полиция майоры

ЕЛДІ-МЕКЕНДЕРДІҢ АТАУЫН ӨЗГЕРТУ ТУРАЛЫ

Степной ауылдық округінің әкімі Г.Михайличенко, ономастика бойынша шаралардың жоспарын құра отырып, Шелехово, Вознесеновка, және Орловка ауылдарындағы Советская көшесінің және Вознесеновка ауылының атын өзгертуді ұсынды. М.Бергенев («Алға» шұқ басшысы), Л.Джуанышева («Олжас шұқ басшысы») – Көшені не үшін ауыстыруымыз керек? Бұл «Советская» атауы Совет Кеңесінің тарихымен байланысты, сол себепті ол көше Советская болып қала берсін, өзгеріссіз.

В.Мных («Север» шұқ басшысы) – Вознесеновка ауылы 20 ғасырдың басында құрыла бастады. Барлық тұрғындар оны Вознесеновка деп біледі. Біздің балалық шағымыз осы ауылда өтті, біз осы атауға үйреніп қалдық, сол себепті оны неменеге ауыстырамыз?

В.Сурков (АӘД мұғалімі) – Ауылдың

немесе көшенің атауын өзгерткенде жер учаскелерінің барлық актілерін өзгерту керек болады, осының барлығына уақыт пен қаражат қажет. Оған әрқайсының жағдайы келе бермейді, ендеше барлығы сол қалпында қала берсін,- деп өз ойларымен бөлісті.

Қорытындысында, ауылдық округ әкімі Г.Михайличенко біздің округіміздің Ардагерлер Кеңесінің төрағасы Василий Иванович Шевченконың көшіп кетуіне байланысты Степной ауылдық округінің Ардагерлер Кеңесінің төрағасының орнына Надежда Михайловна Пастушенконың кандидатурасын ұсынды.

Жиында округ тұрғындары ауыл мен көшенің атауын өзгертпеуді және Степной ауылдық округі Ардагерлер Кеңесінің төрағасы етіп Надежда Михайловна Пастушенконы сайлады деп шешті.

Степной ауылдық округі

«АНА ТІЛІ- БӘРІМІЗДІҢ АНАМЫЗ, ӨЙТКЕНІ ОЛ – ҰЛТЫМЫЗДЫҢ АНАСЫ»

Қазақ тілі – Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі болып саналады. Қазақ тілі – әлемдегі тілдердің ішіндегі ең бай, келбетті тілдердің бірі. Қазақ тілі қазақ халқының ана тілі.

Тіл қай елде, ұлтта болсын қастерлі, қасиетті, құдыретті. Тіл әрбір азаматқа ана сүтімен беріліп қалыптасады. Ана сүтімен бойға енген қасиеттер туған тілдің арқасында дамиды. Туған тілге деген құрмет пен сүйіспеншілік бала кезден басталуы керек. Айналада адамдарға, өзіңнің өскен ортаңа, Отанға деген ерекше сезім мен көзқарас та туған тіліңді білуден басталады. Тіл – халықтың рухани, мәдени байлығының дамуының құралы.

Қазақ тілі – халқымыздың рухани байлығы, атадан балаға, ұрпақтан – ұрпаққа мирас болып қалып отырған баға жетпес асыл мұра. Ана тілдің қасиеті туралы қанша айтсақ та таусылмайды. Азаматтың қолындағы барлық асыл заттары тозады, жоғалады, ал тіл тозбайтын ең қымбат мұралардың бірі. Қазақтың біртуар ақыны М.Жұмабаев: “Ұлтқа тілінен қымбат нәрсе болмақ емес, бір ұлттың тілінде сол ұлттың сыры, тарихы, тұрмыс тіршілігі, мінезі айқын көрініп тұрады” – деген. Тіл байлығы – әрбір ұлттың мақтанышы. Әр азамат өзінің ана тілін, көзінің қарашығындай қарауы және ана тілінің орынсыз шұбарлануына қарсы тұруға тиісті.

Амал не, туған тілімізді шұбарлап, аралас сөйлейтіндерді жиі кездестіреміз. Басқа халықты айтпағанда, өз ішіміздегі шала қазақтарды таза қазақ қылатын кез болды. Бүгінде де кейбіреулердің қазақ тілін білмеуі, білсе де сөйлемей – қазақ тілін жақсартып, биік белестерге көтермеуіміздің қатерлі дерті болып табылады. Туған тілден безінген азаматтарды көргенде Паустовскийдің “Туған тіліне жаны ашымаған адам жәндік” – деп ашына айтқаны ойға оралады. Елінің болашағын ойлаған әр азамат ана тілінің болашағын да қолынан келген көмегін аямауы тиіс. Өкінішке орай, соңғы кезде көптеген қазақ жастары өз ана тілін бұрмалап сөйлеуді әдетке айналдырған. Ата-ананы қадірлеу қалай керек болса, өз ана тілімізді қадірлеуді, қастерлеуді, аялауды қолға алайық. Төл тілінде сөйлеуден безу – ана сүтін беріп өсірген анадан ұмытумен бірдей.


Қазақстан – әлемдегі ең мықты, бәсекеге қабілетті елу елдің қатарына ену үшін қазақ тілін жоғары мәртебеде ұстауы керек.

А. ҚАДЫРОВ,
Мемлекеттік тілдегі құжаттардың редакторы

ТАРИХ ТАҒЫЛЫМЫ

Елге танымал азамат, жазушы Бородулиха ауданының «Құрметті азаматы» Сейтмұхамет Тәбәріков атамyz жайында айтар болсақ, саналы ғұмырында жақсылармен жанасып, өз өмірін әр қиырдағы талай жандармен ұштастырып, үнемі туыс, дос іздеп жүретін, қайда, қай қызметте жүрсе де бетегеден биік, жусаннан аласа қалпынан өзгермеді. Туған тілінің, өз дінінің қамқоршысы болды. Ұлттық рухты, тарихи деректерді жастарға жеткізуге тырысып талай шығармалар мен кітаптарын шығарды. Сейтмұхамет Тәбәріков Ново-Шульба ауданы атқару комитетінің төрағасы болып жүргенде көптеген жұмыстардың басын қайырды. Соның бірін ғана айта кетсек, жергілікті жердің байырғы тұрғындарының көмегімен Мағауияның бәйбішесі – Дәмегей, ұлы Жағыпар, қызы Кәміләннің қатар жатқан қабірлерін тауып, бастарына дұға оқытып сауап тілеген еді. Одан кейін асылдардың сынығындай үш аруақтың қабірлерін қоршату, белгі қойғызуды дереу ойластырып, көненің көзі әрі жақын туысы Айтқали ақсақалды бас қылып, колхоз бастығы мен партком хатшысына тапсырып, мұны да орындаған-ды. «Қалайда жоғарыда аттары аталған үш адамның сүйегін олардың туған жері Шыңғыстауға, атамекендері – Құнанбай қажы мен Мағауияның жерленген Ақшоқыға жеткізіп, жерленсе» деген ой еді. Осы тілегін жазушы Кәмен Оразалиннің көмегімен іске асырды. Міне, бұл адамгершіліктің ең ғажап түрі емес пе? Ол кісінің іскерлік қолтаңбасы, бастамашыл жаңашылдық істері Ақсуатта, Аякөзде, Шұбартауда және Абай, Бородулиха елінде сайрап жатыр. Ақсақалдың бір тамаша қасиеті ұлы адамдардың ұрпағына зейін салып, қолынан келген көмегін аямағандығында. Қолына қалам алып өткен өмірін оймен шарлап, қағаз бетіне түсірді. Ел ішіндегі ескі, қасиетті сөздерді, тарихты жинады. Сегіз Серінің ортаншы ұлы Мұсайын жазған «Ер Жиенбай мен қыз Балқия» поэмасын осыдан біраз жыл бұрын 85 жастағы Ахмет Жексенбаевтың аузынан жазып алып, 1998 жылы «Өлке» баспасынан шыққан «Замана ағысы» кітабында жариялады. Жасынан өнерді мұрат тұтқан, сөз қадірін терең сезінетін, әуелетіп ән шырқайтын, сегіз қырлы, бір сырлы Сейтмұхамет Тәбәріков зейнеткерлікке шыққаннан кейін қарап отырмады.

Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін ел аузындағы асыл мұралардың жұрнағын іздестіруге бел шешіп



кірісті. Басқасын айтпағанда, Жанақ ақын жөнінде жинастырған дүниелері әдебиет тарихына азда болса да қосылған құнды үлес. Сейтмұхамет ағаның ұстаздық қыры бір бөлек. Секең ұстаз ғана емес, кеңес өкіметі кезінде партия, кеңес орындарында басшылық қызметтер атқарды. Демалысқа шыққаннан кейін 15-ке жуық кітаптың авторы болды. Секеңді семейліктер «біздің жазушы» деп атайды. Ол кісі біздің аудандық газетіміздің жанашыры, көптеген материалдарын жариялаған, ағалық кеңестерін айттып отыратын ақылшы-кеңесшіміз, әрі ұстазымыз іспеттес. Енді біздің «Аудан тынысы» оқырмандарына жазушы Сейтмұхамет Тәбәріковтің «Тұлпардың ізі өшпейді» атты хикаят сыр –дастан шығармасын ұсынамыз.

Бұл шығармада С.Тәбәріқұлының ақылман абыздық даналығын, көрегендігін көрсетеді.

М.БАЛАБАЙҚЫЗЫ

Тұлпардың ізі өшпейді (хикаят, сыр-дастан, естеліктер)

Абыралыма, қамбар тегіме перзенттік парыздан мәңгілік ескерткіш!

**Жаңғырық
«Газетке жаз, кітап жаз, Бастыр, оқыт қазаққа. Сусыз егін не шықсын, Суғар, шыда азапқа»**

(Шәһкәрім)

Жаңа ғасыр (XXI ғ.) қарсаңы – 1991 жылы 16 желтоқсанда еліміз азаттық алып, Егемен Мемлекет болды. Тұңғыш Президент Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Қазақстан - 2050» ұзақ мерзімді стратегиялық жоспары жасалып, табысты жүзеге асуда. Биылғы жылқы жылдың алғашқы айы – қаңтардың 17-де жаңа жолдауы өмірге келді. Бұл – мәңгілік ел болу идеясы, қазақ мемлекетінің идеологиясы. Бұл – кешегі Алаш көсемдерінің ұраны болатын. Бұл – ұлы даланы жайлаған Ата-баба, даналары мен батыр, би көсемдерінің иманы-тын. Мұндай инновациялық ойлау – ұлы тұлғалардың жасампаз ісінің Заңды жалғасы, ұрпақ сабақтастығының, аталы сөзді ғасырдан ғасырға жеткізген рухани көпір. Қазақ елі, мәңгілік ел болу мүддесі мен ізгі мақсат, жарқын болашаққа бастайтын қуатты күш, берік сенім күні туды. Яғни, сонау көне түркі қағанаты заманынан бері үзілмей ауызға алынып келе жатқан алтын арқау – «Мәңгілік ел» идеясы қазақ халқының тарихи жадынан шықпауы қуантады.

«Түрік бірлігі» ту көтермек. Ұлт тарихы – азаматтық және рухани тарихпен егіз өріледі. Рухани тарихты мәдениет арқылы бейнелейді. Мұнда «Мәдени мұраның» маңызы ерекше. Азаматтық тарихымыз дәстүр мен дін бірлігінде үйлесім табуымен өріледі. Исламның қазақ даласына, оңтүстік өңірге орнықаннан кейін басқа өлкелеріне таралуы бейбіт жүзеге асады. Әдеп пен ислам шарғаты қабыса үйлесім табады. Ақыл мен парасатқа негізделеді. Ғасырлар бойы қолданыста болған Заңдар ауызшадан жазбаша нұсқаға көшті. Көк түріктің «Төре бітігі», Шыңғысханның «Ясасы», Өзбек хан мен Едіге бидің «Низам» жүйесі, «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы», Әз-Тәукенің «Жеті жарғысы» жаңғыра құқықтық құжаттар түзді. Біздің тарихымыздың Орта ғасырлық мәліметтері толығымен дерлік шежірелік сипатқа ие. Солардың негізінде тарих жазылуда.

Аңыздар мен шежірелер – ұрпақтар сабақтастығының баяны, өшпейтін рухтың кепілі. Аңыздар тарихтың жаңғырығы ретінде сақталуға тиіс. Себебі ол – көркем тарих, елдің көкейінде жатталып, көкірегіне ұялаған тарих, жалпы, аңыздардың түбі ақиқат екені дәлелденген.

Сөзге орай, Ақсуат – Тарбағатайлық ақын інім Наркен Серікбаевтың: Бар менің батысымда Абыралы, Атымен аймағына танылады... Айтшы аға, білесің бе сол аңызды, Батырлар болды ма шын Абыр

– Әлі? –

деген құштар тілегін тілге тиек етейік. Әмбе, Абыралы өңірі туралы тарихи тереңірек зерттеудің қажеттігі туындауда.

«Абыралы атауы...»

Қайнардың жасыл көгал иінінен, Жасымнан не бір сырды ұғынып ем.

Елімнің өткен – көшкен тарихына, Көз салам Абыралы биігінен.

Тарихың – дастан, шежіре небір сырғы бар, Бадамның үні, тұлпардың дүбір ізі бар.

Туған ел сенсің, туған жер – сенсің, Киелім, Тәу етіп саған басымды мәңгі иемін...

Зиялы қарттық өмірін махабаттан бастап, парасатпен тамамдайтын тәртізді. «Қарқаралы – Қазылық, жатушы еді жазылып» (Күдері ақын) дейтін туалар тізбегі жатыр. Жеті жұрт келіп жеті ел кеткен мәңгілік мекенінің қарызы да мәңгі. Солардың бірі – Абыралы тауы. Тау үш бөліктен тұрады: «Үлкен Абыралы» (Жақсы Абыралы) Қайнар елді мекенінің желкесінде. «Жаман Абыралы» Молдаш қуысынан Қараөлеңге дейінгі бөлігін атаған. Екеуінің ортасындағы биік құзды Қобыланды тауы дейтін көрінеді. Осы үш бөліктің шығыс бетінде Сұлушоқы, қарсы жазық бетте ащы су өзенін бойлаған тау жүлгесін Кіші Абыралы дейді.



Бақытөмір Шалғынбай.
ҚР Бас редакторлар клубының мүшесі, «ҚР Үздік бас редакторы» медалінің иегері.
(Басы өткен нөмірде)

«Төбеңнен елдік нұрын тұрған құйып,
Өмірде еш нәрсе жоқ тудан биік»
деген эпиграфпен басталатын да-
станда Қазымбеттің соңғы ерлігі
былайша жырланған:

ойшылы Конфуций. Бүгінде «мың
өліп, мың тірілген» қазақ халқының
рухын оятып, күшейту аса қажет.
Ол үшін батыр бабалардың ерлік
үлгі-өнегесін жаппай насихаттап,
ұрпақ санасына сіңдіру керек.

Біз Суворов, Кутузов болмайық,
Қабанбай, Бөгенбай болайық, Алек-
сандр Матросов емес, Қазымбет батыр
болайық. Сонда Отансүйгіштігіміз
артып, қазақы патриоттық, қазақы
намысымыз ояна түсері анық.

Бақытөмір ШАЛҒЫНБАЙ,
журналист-жазушы.
ДЕРЕКТІ ӘНГІМЕ

«Жалғыз тұр ту ұстаушы дөң
басында,

Көргендер аң-таң қалды
алғашында.

Байрағы қолындағы
желбірейді,

Өзінің көрінбейді жан
қасында.

Болмастан ойларында ешбір
қауып,

Ханның соңында желе- жортып
келе жатқан бір топ егде батыр-
лар өзара осылай күңкілдесіп
келеді.

-Қайран, Барқытбел! Атаңа
нәлет қалмақ, біраз жыл мекен-
деп, атын да өшіріп жіберіпті.
Қазір «Тарбаға»-суыр, «тай»-
тау-деген қос сөзден құралып,
моңғолша атанып, қазақ сөз
қорына қосылып үлгеріпті ғой.

-Әй, кеңпейіл қазағым-ай! Мына
өзіміз беттеп келе жатқан әдемі
тау жоталары ежелгі қазақ атауын
сақтаған. «Қызыл тас», «Май-
лы шат», «Қыз емшек», «Қара
өткел», «Мойылды», -деп кете
береді.

-Иә, ескі түрік тілінің көп сөзі
екі халықтың тіліне де еніп кет-
кен ғой.

Батырлар бір сәт соғысты
ұмытып, жер-су атауына көңіл
бөліп келеді.

-Өкпеті деген сөз де моңғол-

ҚАЗЫМБЕТ БАТЫР

Қазақтың шыдай алмай соққысына,
Қалмақтар қалжырады қатты, сірә.
Бөлінді бас сауғалап бет-бетіне,
Келгенде Маңырақтың дәп тұсына.
Жау қашты, қазақ қолы тыныстады,
Боялған қанға найза-қылыштары.
Өлігі құрбандардың жайрап жатты,
Біткендей пәнидегі жұмыстары.

Жалғыз тұр ту ұстаушы дөң басында,
Көргендер аң-таң қалды алғашында.
Байрағы қолындағы желбірейді,
Өзінің көрінбейді жан қасында.

Болмастан ойларында ешбір қауып,
Батырлар сатырлатып келді шауып.
Күйінде ту ұстаған қатып қапты,
Өлсе де құламаған аттан ауып.

Қос жебе қатар тиіп өңдіршектен,
Аққан қан омырауын кеткен жауып.
Аты да астындағы қозғалмайды,
Тізгінін тұқыртыпты ебін тауып.

Қаруы жерде жатыр саудыраған,
Екі көз жұмылмапты жаудыраған.
Төбеде туын жықпай қасқайып тұр,
Дегендей «не қыласың енді маған?!».

Егіліп жан қалмады жыламаған,
Көргенде Қазымбетті құламаған.
Жықпаққа қазақ туын көздеп атқан,
Қалмақтың сұр мергені сығалаған.

Күңіреніп аттан түсті ер Қабекең,
Сіресіп Қазымбет тұр ерде бекем.
Түбінен тудың сабын қатты қысып,
Қарысып саусақтары қалған екен.

Қолынан туын алып ел әзірге,
Тапсырды қайран ерді қара жерге.
Байрақты жас жігітке беріп тұрып,
Дарабоз былай деді қарап елге.

Күн туар деген рас ұл туғанға,
Түсесің от пен суға жұртың барда.
Ешқашан өлмек емес ер Қазымбет,
Артында желбіреген ту тұрғанда!

Жалауын қатты соққан жел ұшырған,
Тарихта талайлардың сағы сынған.
Жығылмай түмен бірге тұрып қалған,
Қазағым, айналсаңшы арысыңнан!...
Міне, Қазымбет батырдың өшпес
бейнесін ақын өлең тілімен осылай
сөмдаған.

Сөз соңы
Бүгін көк байрақты тәуелсіз елміз,
Аллаға шүкір, бәрі бар. Бірақ, кешегі
батыр бабалар рухы бойымызда бар
ма? Мәселе осында.

«Рухы әлсіреген елдің болашағы
жоқ» деген екен Қытайдың ұлы

Батырлар сатырлатып келді
шауып.

Күйінде ту ұстаған қатып
қапты,

Өлсе де құламаған аттан ауып.
Қос жебе қатар тиіп

өңдіршектен,
Аққан қан омырауын кеткен

жауып...»
(Несіпбек

Айтұлы, «Ту» поэмасынан)
АҚЫРҒЫ АЙҚАС

І.Суыт жорық
Ұшы қиыры жоқ тау жоталарының

үстін қара бұлт торлай бастаған.
Күз мезгілі. Қара жаңбырдың

салқын лебі сезіледі. Абылай хан
нөкерлерімен тау арасындағы қалың

найман әскерін бастап келе жатқан
Қабанбай батырдың бекінген шаты-

на жетуге асығып келеді. Қасында
Шанышқылы Бердіқожа, Көкжал

Барақ сияқты біраз батырлар бар.
Ал Қанжығалы Бөгенбай қолы мен

Шапырашты Наурызбай әскері
келісім бойынша үш күннен соң

осы Тарбағатай тауының теріскей
беткейіндегі жазыққа келмек. Оған

дейін Қабанбай бастаған қалың
қолды тосыннан келе жатқан келесі

бір қалмақ-қытай әскеріне қарсы
аттандыру мен соғыс жоспарын

ақылдасулары керек. Бүгін кешқұрым
Майлышатқа жетіп аялдайтын

шығар, сірә. Тау жоталары биіктеген
сайын бұлт та қоюланып, барған

сайын түнеріп, қабағын қатулана
түйе бастағандай.

Жаңбыр жаумай-ақ қойса болар
еді, жігіттер онсыз да ұзақ жүрістен

шаршап келеді.
-Иә, ана қалың қытай әскерін

Бетпақдалаға дейін алдап апарып,
қырғынға ұшыратып тоқтатқан екі

айдай уақыт әбден қалжыратты.
-Амал бар ма? Осы жолы хан

иеміздің ақылды әскери қулығы
болмаса, біз де ана жоңғар халқына

келген қырғынды бастан кешер едік.
-Иә, не шара, шаршасақ та,

қатарымыз селдіресе де, осы жолы
анталаған жауға соңғы соққысын

беруіміз керек.
-Қабанбайда ерекше қасиет бар

ғой, сол ғана тоқтата алады, бұл
дұрыс шешім. Хан иеміз тағы да

көрегендік танытып отыр.
-Боранбай батыр Майлышатта он

мың қолды жасақтап, дайындалып
жатқан көрінеді.

-Иә, ақсарбас, осы соғыс тез
аяқталса екен.

-Бұл ақырғы ірі айқас болуға тиіс...

түрікше. «Өк»-сиыр, «беті»-беткей.

-Сонда бұл екі тілден құралған-
ау сірә!

Жалпы Барқытбел-Тарбағатай-
әдемі тау. Сонау көне түркі за-
манынан найман тайпасының
үлкен бөлігінің ата қонысы, киелі
аймақ.

Тау жоталары мен етегіндегі
қыраттары Алтайдағы не

Алатаудағыдай емес, жайпаңдау.
Міне, әсіресе күзде, өңірі сары

ала барқытқа ұқсап, түрленіп
жатады.

Қазақтардың үлкен бір бөлігі
бұл өңірді мыңдаған жыл мекен

етіп келеді. Нағыз көшпенділерге
арналған қоныс. Бірде жауға

беріп те қойған кездері болған.
Енді, міне, Абылай хан туының

астында қазақ батырлары тізе
қоса қимылдап, ұлан-ғайыр

Тарбағатай, Қалба, Мыржық,
Шыңғыстау, Алтайдағы ата жұрты

жаудан босатып келеді. Сонау
бір жылдары Жоңғарға қарап

кеткен аймақтарды қайтару
жылдарға созылып, елді әбден

қалжыратты. Соғыс ұрпақтан
- ұрпаққа өтті.

Бұл жолы Абылай хан дәл
Тарбағатай тауында жоңғар-

қазақ, қазақ-қытай, қазақ-қырғыз
соғыстарына нүкте қоймақ. Ол

үшін тек жеңіс керек. Ал, жеңілсе...

Халық болып қалулары екі
талай. Қанша қырғын тапса да

қалың қазақ батысында орыс-
казакқа, қалмаққа есе бермеген.

Оңтүстікте өзбек ағайындары
қазақ жеріне қызыға қарап, реті

келсе үлкен бір бөлігін басып
қалмақ Бұқар әмірлігі мен

Самархан билеушілері көбіне
билікті көшпенділерге еріксіз

беріп қойып қана лажсыз отыр.
Осындай алып даладағы тарыдай

шашыраған елді тұтас біріктіру
де оңай емес. Алла жар болғанда

төрелер ала ауыздығынан батыр-
лар намысы үнемі биік тұрады.

Қазақ билері береке-бірліктің
ұйытқысы болып ел тұтастығын

сақтап келеді. Бір ауыз аталы
сөзге тоқтаған далалықтардың

өздерінің жазылмаған да, жазылған
да дала заңдылықтары бар. Ол

керемет заң. Бүкіл ұлттың ұйытқысы
осы заң тәрбие өзегіне айналып,

көшпенділерді батыр, ержүрек,
елін-жерін сүйетін отансүйгіш,

берік етіп қалыптастырған.
(жалғасы келесі санда)

АУДАНДЫҚ СПАРТАКИАДА

Новошұльба ауылдық округі 2015 жылғы 5 маусымда Қазақ хандығының 550-жылдығына арналған аудан әкімнің жүлдесіне өткен XIX халықтық спорт ойындарына қатысты. Жарысқа Комаров атындағы ОМ оқушылары, балалар үйінің тәрбиеленушілері, сонымен қатар ауылдық округтің жастар құрамасы қатысып, келесідей жүлделі орындарға: А. Бузин - бір спорты бойынша 1-орын, В.Табачинский - армреслинг бойыша 1-орын, О.Ершова, Н.Яковлева - жеңіл



атлетикадан 1-орын, К.Молдажанова - тоғызқұмалақтан 3-орын, И.Хасанов - шахматтан 2-орын, Д.Подкорытов - ерлер волей-болында 2-орындарды иеленді. 18 ауылдық округтің нәтижесі бойынша Новошұльба ауылдық округі жалпы командалық 3 орынға ие болды.

Жарысқа қатысқандардың барлығына және де Комаров атындағы орта мектептің директоры А.Бузинге автобус ұсынғаны үшін, сонымен қатар демеушілік көрсеткен А.Подкорытовқа, П.Лазаревқа, В.Лопатинге, А.Әубәкіровке, Р.Смаковқа зор алғысымызды білдіреміз.

Новошұльба а/о

ЖАҢА ҚЫЗМЕТТЕР ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

«ХҚКО» Республикалық мемлекеттік кәсіпорынының ШҚО бойынша филиалының Бородулиха аудандық бөлімінде және ҚР ХҚКО-да 35 жаңа қызмет іске қосылды

Маусым айынан бастап Қазақстандық ХҚКО-да пилоттық режимде 35 жаңа қызмет қолжетімді болды. Атап айтқанда, енді халыққа қызмет көрсету орталықтарына салық есептілігін қабылдауға кері қайтаруға, дара кәсіпкерлерге патент беруге, қорғаншыларға немесе қамқоршыларға жетім балаларды және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды асырап-бағуға жәрдемақы тағайындауға, Қазақстан Республикасына жеке істер бойынша кіруге шақыруларды ресімдеуге және т.б. үшін жүгінуге болады.

«ХҚКО» РМК бас директоры Әсемгүл Балташеваның айтуы бойынша қазіргі уақытта 9 мемлекеттік органның 35 қызметі берілді. «Әзірше осы қызметтердің стандарттары қаралып жатқанда, олар ХҚКО-да пилоттық режимде ұсынылатын болады. Оларды бекіткен соң, пилоттық жоба аяқталады және қызметтер ХҚКО-ларда жалпы негізде көрсетілетін болады».

Осылайша, ХҚКО-да көрсетілетін қызметтер саны 212-ге жетеді. 2011 жылы Халыққа қызмет көрсету орталықтары барлығы 59 қызмет көрсеткенін, 2012 жылы – 113, 2014 жылы олардың саны 171 жеткендігін айта кетейік.

ҚР ХҚКО-да ағымдағы жылғы 4 ай ішінде көрсетілген қызметтер саны 13 711 696 құрайды, соның ішінде 10 миллионнан астамы - электрондық.

А.АКИМБАЕВА,

Бородулиха аудандық бөлімінің инспекторы

ХАБАРЛАНДЫРУ

«ШҚО Бородулиха ауданы қаржы бөлімі» ММ заңгер жұмысына инспектор қажет.

Жалақы төлеу жұмыс тәжірибесі мен біліміне байланысты 29730 теңгеден 35748 теңге аралығында.

Міндеттері: «Мемлекеттік мүлік жайлы» ҚР заңын, Қазақстан Республикасының азаматтық кодексі және мемлекеттік коммуналдық меншікке байланысты басқа да нормативтік құқықтарды білуі қажет. «Заң деректер базасы» бағдарламасымен жұмыс істей білу керек.

Иесіз қалған және иесіз қайтыс болған адамдардың мүліктерін бағалау,сақтау, есебін жүргізу және алдағы уақытта қолдану бойынша жұмыстарды жүзеге асыру.

Бородулиха ауданы аумағында ұзақ уақыт бойы жұмыс істемей тұрған нысанды анықтап, алдағы уақытта онымен жұмыс істей білу қажет.

Қаржы бөлімі шығарған коммуналдық мүлік жайлы шарттарға, құқықтық базалық бұйрықтарға бақылау жүргізе білу қажет.

Біліктілік талаптары: Орта немесе жоғары білімді заңгер.

Анықтама телефондары: 2-14-50, 2-18-96.

КӨҢІЛ АЙТУ

Азимов Дәулет Әбіләкімұлының мезгілсіз қайтыс болуына байланысты туған туыстарына және жақындарына көңіл айтамыз.

Дмитриевка ауылдық округі әкімінің аппараты, Ардегерлер кеңесі, Әйелдер кеңесі

БАҚ жекеменшік иесі:
“Шығыс ақпарат” ЖШС
Директор НҰРЖАН ҚУАНТАЙҰЛЫ

Газет ҚР Иивенстициялар және даму министрлігі Байла-
ныс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде тіркеліп,
аудандық «Аудан тынысы» - «Пульс района» газеттерінің
тіркеу туралы N 15346-Г куәлігі (04.05.2015) берілген

“Аудан тынысы - Пульс района”
аудандық газетінің бас редакторы
Екатерина БОЙЧЕНКО

“Аудан тынысы” газетінің редакторы
Мейрамгүл АТАЕВА

E-mail: borodulihapuls@mail.ru

Газет аптасына 2 рет шығады. Жарияланған материалдардағы деректердің дәлдігі үшін автор жауап береді. Басылған материалдардағы пікір редакциянікімен сәйкес келмеуі мүмкін. Хаттар мен қолжазбалар қайтарылмайды. Жарнама мен хабарламаның дәлдігі үшін редакция жауап бермейді.

Редакцияның мекен-жайы: 070400, ШҚО
Бородулиха ауылы, Тәуелсіздік к. N 69
Тел/факс 8(72351) 2 16 60 ТАП: 5819
Таралымы 3080 оның ішінде «Аудан тынысы»580

Газет “Шығыс-Ақпарат”
ЖШС - нің баспаханасында басылады.
Өскемен к., Космическая 6/3
Көлемі 2 баспа табақ